

Бекітілді
№ 17 бөбекжай-бақша директоры
М.А.Кунасова
№ 1 педагогикалық кеңес
31.08.2021 ж

**2021-2022 оқу жылына ұлттық тәрбие «Асыл мұра» тақырыбы
бойынша вариативтік компонентінің перспективтік жоспары
Мектепалды даярлық «Ақжелкен» қазақ тобы**

Түсіндірме жазба

Мақсаты: Мектепке дейінгі балалардың дүниетанымын қазақ әдебиетінің, салт-дәстүрлердің, ұлттық өнердің, ұлттық ойындар және ұлттық өлке табиғатымен таныстыру негізінде қалыптастыру.

Міндеттері:

- Балалардың қазақ әдебиетімен таныстыру, қазақтың билері мен ұлы жыршы, ақындар шығармаларымен таныстыру;
- Қазақтың салт-дәстүрлерімен таныстыру, олардың тәрбиелік тағылымын балалардың бойларына сіңіру;
- Ұлттық ойындарға қызығушылықтарын ояту;
- Туған жеріміздің әсем табиғатын сүю, қастерлеу, еліміздің табиғи қорын сақтап қалудың маңыздылығын түсіндіру, табиғатымызды қорғауға ластамауға насихаттау.

№	Бөлімдері	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілігі	Сағат саны
1	I. Ұлы рухты аталар ұрпағымыз.	«Жеті атаңды білесің бе?»	Жеті ата туралы түсінік беру, жеті атасын, ата бабаларын құрметтеуге тәрбиелеу.	Жанұялық суреттер,	1
2		«Туыстық атаулар»	Туыстық атаулар туралы түсінік беру, нағашы жұрт, өз жұрты, қайын жұрт деген ұғымдармен таныстыру. Туыстыққарым, қатынас, сыйластық туралы мәлімет беру.	Туыстық қатынас бейнеленген суреттер, шежіре ағашының үлгісі, жанұялық суреттер.	1
3		«Тыйым сөздер»	Тыйым сөздердің мағынасын ұғындыру, тұрмыстық тәртіп негізінде түсіндіру.	Суретті суреттер	1
4		«Менің өлкем»	Қазақ елінің жері, көлемі, онда тұратын халықтарымен, олардың көп екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру, картада Қазақстанды көрсетіп, мемлекеттік рәміздерімен таныстыру.	Қазақстан және әлем картасы, мемлекет-тік рәміздер, түрлі ұлт бейнеленген суреттер	1
5		Төрт түлік, түрлері, адамға пайдасы	Төрт түлік туралы білімдерін кеңейту. Олардың атаулары мен пайдасы туралы білімдерін бекіту.	Төрт түлік суреті, олардың азығы бейнеленген суреті	1
6		«Түз хайуанаттары»	Қазақстан жерінде мекендейтін түз хайуанаттары туралы білімдерін молайту, табиғатқа жанашырлықпен қарауды тәрбиелеу.	Қазақстанда мекендейтін түз хайуанаттары суреттері	1
7		«Құстар»	Елімізде қандай құстар мекендейтіні туралы үйрету, құс атауларын үйрету, үй құстары мен дала құстары туралы білім беру, Бүркітші туралы түсінік беру.	Елімізде мекендейтін құс суреттері.	1

8		«Құс, жан жануарларға қатысты теңестірулер»	Халқымыз қалай жан жануарлармен, құстармен теңестірген, теңестірулер мағынасымен таныстыру: сауысқандай сақ, арыстандай айбатты, нардай мықты, су жүрек қояндай	Салыстыруға арналған суреттер	1
9		«Жұмбақтар»	Балалардың тілін дамыту, жұмбақ үйрету, қалауы бойынша жатқа айтқызу, қазақ балалар фольклорына деген қызығушылықтарын ояту.	Жұмбақтарды бейнелейтін суреттер.	
10		«Қазақтың хандары»	Қазақ хандығы, қазақ хандары туралы түсінік беру, білімдерін тереңдете түсу.	Қазақ хандары-ның суреттері,	1
11		«Қазақтың батырлары»	«Батыр» кім екенін түсіндіре отырып, ел қорғаған қазақ батырларымен таныстырып, батылдыққа, қайсарлыққа, отаншылдыққа тәрбиелеу.	Батырлардың суреттері	1
12		«Қазақ жауынгерлерінің киімдері мен қарулары»	Қазақ жауынгерлерінің киімдері мен қару жарак түрлерімен таныстыру.	Дулыға, сауыт, шокпар, қалқан, қылыш, садақ, семсер, қанжар, балта, қорамсақ суреттері.	1
13		«Қазақ халқының билері»	Үш би: Төле би Қазыбек би, Айтеке би кім екенін түсіндіру, олардың даналығы мен билік шеберлігі туралы мәлімет беру.	Үш бидің суреттері	1
14		«Туған ел, еңбек, туралы мақал–мәтелдер»	Туған ел, еңбек туралы мақал мәтелдерді үйрету, жаттау, олардың мағынасын түсіндіру	Мақал мәтел мағынасы бейнеленген суреттер,	1
15		«Ұлы Абай атамыз»	Ұлы Абай туралы түсінік беру, оның өмірбаянымен, шығармашылығымен таныстыру.	Абайдың суреті, кітаптары	1

16		«Ата бабаларымыздың ерлік істері»	Ерлік деген ұғыммен таныстыру, ерлік жасаған адамдар туралы түсінік беру, көне және бүгінгі замандағы ерлік жасаған батырларымыз туралы әңгімелеу.	Ерлік жасаған аталарымыздың суреттері, А.Иманов, Махамбет, Исатайдың суреттері, соғыс ардагерлерінің суреттері	1
17		«Қажымұқан ата кім болған?»	Балуандар туралы әңгімелеу, Қажымұқан атаның күштілігі туралы айтып беру, оның істеген ерлігі туралы әңгімелеу. Басқа да балуандар туралы айтып беру.	Балуандардың суреттері, қазақ ұлттық спорт түрлері бейнеленген суреттер	1
18		«Ежелгі көшпенді ата салты»	Қазақ халқы көшпенділігі туралы баяндап беру, көшпенді деген ұғымды түсіндіру, не себепті көшкен, қыстау, жайлау сөздерін түсіндіру.	Көшіп бара жатқан ауыл суреттері, қыстау, жайлау суреттері	1
19		«Өнер алды қызыл тіл»	Өнердің бір түрі – әдемі, шебер сөйлеу екенін ұғындыру, «өнер алды қызыл тіл» деген сөздің мағынасын түсіндіру. Сөйлеу шеберлігіне не жататынын, ондай адамдар кім болғаны туралы түсіндіру.	Айтыскер ақындар, атақты адамдар суреттері	1
20	II. Ата көрген оқ жоңар, ана көрген тон пішер.	«Бесік жыры»	Бесік жыры қай кезде айтылады, оны кім айтатынын түсіндіру, бесік жырын жатқа айтқызу.	Бесік, ана мен сәби суреттері, қуыршақ	1
21		«Халық ертегілері»	Ертегілер түрлерімен таныстыру, ертегіайту да шеберлік екенін ұғындыру, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісімен таныстыру, оқу.	Ертегі кітаптар	1
22		«Бата, бата түрлері, бата беру салты»	Бата деген не екенін, бата беру салтымен таныстыру, батаны кім	Ата, бата беру салты бейнеленген суреттер	1

			беретіні туралы айтып, түсіндіру, бата түрлерін жатқа айтқызу.		
23		«Халық әндері»	Халқымыз өнерлі болғаны туралы түсіндіру, халық әндерінің кейбіреулерімен таныстыру, тыңдату, оларды қай уақытта айтқандығы туралы түсіндіру.	Халық әндер мағынасы бейнеленген суреттер	1
24		«Би өнері»	Би өнері, халық би үлгілерімен таныстыру, қимылдарының мәнін түсіндіру.	Билеп жүрген қыз бала мен ер бала суреті, бейнетаспа	1
25		«Саз өнері»	Саз атасы – Құрманғазы өнерімен таныстыру, сазгер кім екенін түсіндіру. Саз өнерінің бір түрі - күй туралы түсініктерін кеңейту.	Құрманғазы суреті, күй жазылған ұнтаспалар	1
26		«Санамақтар, жаңылтпаш, өтірік өлеңдер»	Балалардың тілін дамыту, санамақтар, өтірік өлең, жаңылтпаштар үйрету, қалауы бойынша жатқа айтқызу, қазақ балалар фольклорына деген қызығушылықтарын ояту.	Тұрмыстық салт бейнелен-ген көрнекіліктер.	1
27		«Қазақтың қолөнер бұйымдары»	Ата – бабаларымызды қол өнер бұйымдарымен таныстыру, атауларын, қолданылуын түсіндіріп үйрету.	Қол өнер бұйымдары бейнелен-ген суреттер және шынайы бұйымдар үлгілері	1
28		«Ою өрнек түрлері»	Ою өрнек түрлерімен таныстыру, өрнектің мәні болатындығы туралы түсінік беру, ою оюдың амалдарын көрсетіп, балаларға бірнеше оюларды салғызып үйрету.	Ою өрнек суреттері, оюланған көрпе, кесе, т.б. тұрмыстық заттар.	1
29		«Ұлттық аспаптар»	Ұлттық аспап түрлерімен таныстыру, олардың неден жасалынатыны туралы түсіндіру, ұлттық аспаптар туралы білімдерін	Ұлттық аспап үлгілері, ұлттық аспап суреттері	1

			кеңейту.		
30		«Ежелгі салт дәстүрлер»	Салт дәстүр түрлері, оларға байланысты жөн- жоралғымен таныстыру, салттарымызды сақтап қалу маңызын ұғындыру.	Салт дәстүрлер: балаға ат қою ашамайға мінгізу, тұсау кесу, т.б салттар бейнеленген суреттер	1
31		«Ұлттық ойындар»	Ұлттық ойын түрлерімен таныстыру, үйрету, ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын ояту.	Ұлттық ойын құралдары: асықтар, сүйек, құмалақ, ұлттық ойын бейнеленген суреттер	1
32	III. Кең байтақ туған өлкем.	«Туған өлке байлығы»	Ел байлығы –табиғаты, пайдалы қазбалар, табиғи ресурстары туралы түсініктерін қалыптастыру.	Туған елдің табиғатының суреттері	1
33		«Ауа райын болжаудың халықтық нұсқалары»	Ауа райын қалай болжаған, жан жануарларға, құстарға, күн, ай сияқты аспан денелері арқылы ауа райын болжауға болатындығы туралы түсінік қалыптастыру.	Табиғат құбылыстарының суреттер.	1
34		«Қазақтың байырғы өлшем бірліктері»	Қазақтың көне заманнан қолданған өлшем бірліктері – шөкім, шымшық, қарыс, құлаш, елі, сүйем, адым, аттам, т.б. таныстыру.	Суретті слайд, өлшеуге арналған мата, қағаз, арқан т.б. өлшеуге болатын тұрмыстық заттар	1
35		«Жасыл дәріхана»	Пайдалы емдік қасиеті бар өсімдіктер туралы түсінік беру, ата бабаларымыз көне заманда дәрі қолданбағанынғ емдік өсімдіктермен ем алғаны туралы айтып беру.	Пайдалы өсімдіктер суреттері	1
36		«Достық туралы жырлар, өлеңдер»	Дос туралы өлеңдердің, жырлардың мәнін түсіндіру, үйрету.	Достық тақырыбындағы суреттер	1
Барлық сағат саны					36